

«Демеу» бобекжай балабақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңестік

№7Хаттамасы

31.08.2022ж.

Қатысқаны-10

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер (жаңа стандартты жүзеге асыру әдіс тәсілдері).

Балабакша менгерушісі: Ш.Касымова сөз алды 25 тамыз Мырзакент қаласында МДҰ педагогтарына арналған тамыз конференциясының панельдік секциясы өтті. Конференцияға арнайы барып қатысып, жаңалықтарды естіп келдім. Әдіскеріміз Сандуғаш Ибрагимова мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жай-күйі мен даму перспективалары” туралы мазмұнды ақпарат берді.

Ал басқа да спикерлердің баяндамалары негізінде айтылған өзгерістер туралы қысқаша айтатын болсақ:

- Стандарт өзгерді. 3 тамызда 348 бұйрықпен бекітілген.
- Үлгілік оқу жоспары өзгерген. Жақында бекітіледі. (Бірнеше күнде белгілі болады деді)
- Үлгілік оқу бағдарламасының орнына оқу бағдарламасы енеді.
- Мониторинг жаңартылады.
- Тәрбиешілердің іс құжаттарының тізбесі министрлік бұйрығымен бекітіледі.
- Бір күнде екі тәрбиеші күн бойына жүреді деген тәжіrbie әлі сынақтан өтуде. 1 қырқүектен енбейді, сынақ жалғасуда.
- Мектепке дейінгі ұйымдар лицензия алады. Бірақ бұйрық әлі бекітілмеген.
- МДҰ-дардың мемлекеттік тапсырысты алу ережесі өзгерді.
- Өрлеу БАҰО жекеменшік мемлекеттік балабақша деп бөлмей барлық педагогтарды курстан өткізетін болды.

Міне биылғы оқу жылындағы өзгерістер осы. деп сөзін аяктады.

Б/б әдіскері: Б.Маликова сөзін жалғастырды биылғы тағы өзгерістер сағат саны жок, өтпелі тақырып жоқ, биылғы өзгеріс тәрбиешілер апталық, айлық, баланың жеке даму картасын жазады. Бірінші орында балалардың

қауіпсіздігін қамтамасыз етуіміз керек ,және әдет ғұрпымызды сақтай отырып дұрыс тәлім тәрбие беруіміз керек. Оку қызыметін ойын түрінде өткізуіміз керек. Баланы жалықтырмай заманауи әдіс-тәсілдерді жүргізіп, балаларды қызықтырып отуіміз керек.

Шешім :

1. Жаңа оку жылындағы өзгерістер жаңа стандартт бойынша әдіс тәсілдері жүзеге асырылсын.

Төрайымы:

Ш.Касымова

Хатшы:

К.Жолшиева

**Мактаарал ауданының адами әлеуетті дамыту болімінің
«Демеу» бобекжай балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№2 Хаттамасы

25.01.2023ж.

Қатысқаны-7

Күн тәртібінде

- 1.Әткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .
2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.
3. Төтенше жағдайларда балалалар қауіпсіздігін сақтау негіздері.
4. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспаңдары
(Баяндама)

1.Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Ш.Касымба сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балабақшамызда тәрбиешілеріміз әр ұйымдастырылған іс-әрекетте қызықтырып, әр түрлі әдіс-тәсілдер, жаңа технологияларды қолданып өтуде. Баланың жеке түрлі ретінде қалыптасуы үшін үнемі ізденісте болып, қызықты жаңа әдістер қолдануды жалғастыру жайлышты айтты.

Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысы туралы б/б менгерушісі айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жасауда екенін, таңғы жаттығулар, түскі гигиеналық шаралардың орындалуы жөнінде және күннің екінші жартысында, серуен кезінде жасалатын бақылау, еңбек туралы айтып өтті. Күн тәртібінің жоспарға сәйкес орындалуын талаң өтті.

Сөз сөйлегендер: б/б әдіскері Б.Маликова балабақшада күнделікті бақылау жүргізілуде. Кейбір топтарда таңғы жаттығулар дер кезінде орындалмай жатыр .Атап айтсақ ортаңғы «Көгершін» тобында және кіші жас «Қыран» тобында балалар таңертең бақшаға кеш келетіні анықталды. Сол себепті ата-

аналарга балаларын кешіктірмей әкелуін ескерту керек екені жайлы айтты отті. Ересек топта жоспардағыдай орындалып жатыр.

3. ТЫНДАЛДЫ: б/б менгерушісі Ш.Касымова тотенше жаглайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері жайлы айтып, түсіндіріп өтті. Қыс мезгілінде күнделікті серуен кезінде шатырдан еритін мұз сұңгілерінен, тайғанак жерлерден өткенде абай болулары жөніндс айтып отті.

4 ТЫНДАЛДЫ: б/б тәрбиешісі Б.Асилбекова «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» тақырыбында баяндаманы оқыды. Баяндаманың қысқаша мазмұны қазіргі таңда үздіксіз білім беру етіліктің өртөндегі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімнің тереңдігімен өлшеменде. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың бага жетпес қазынасы.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашаша кателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселе мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім саласын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларга жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік беру.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашкы баспаңданы іспеңтес. Мұндагы тәрбие мен білім балалардың табиги мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады- деп аяқтады.

Сөз сөйлегендер: тәрбиеші К.Жолшиева педагогтардың осындай әр түрлі тақырыптарда баяндамаларды тыңдап, талқылап отыруымыз керек, біз жаңашыл педагог болу үшін үнемі ізденіп, жаңа технологиялармен танысып отыруымыз қажет деп,- сөзін аяқтады.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
- 2.Оқу тәрбие жұмыстары жоспардағыдай жүргізілсін.
- 3.Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігі сақталсын.
- 4.Балаларға түрлі жаңаша әдіс-тәсілдерді үйрету жалғастырылсын.

Менгеруші:  Ш.Касымова

Хатшы:  К.Жолшиева

Педагогикалық кеңес

Кезектен тыс № 3 хаттамасы

26.01.2023ж

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1.Жарты жылдық мониторинг.

Тыңдалды: Жарты жылдық мониторинг. Мақтаарал ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі әдіскері С.Ибрагимова зumen жиналыс жасап зumen биылғы мониторингті қалай толтыратыннын түсіндіріп өтті. Балабақша әдіскері Б.Маликова биылғы өзгерістер бізге ехсел фарматта ауысты оны есептеп отырмайсыздар өзі есептеп береді автоматты тұрде.

Сөйледі: Жарты жылдық мониторинг бойынша балабақша менгерушісі Ш. Қасымова тәрбиеленушілердің білім біліктілік деңгейі жөніне тәрбиешілердің өз топтарына тоқталп өтуін сұрады.

Кіші топ тәрбиешісі: К.Усенова Кіші тобында балаларың аралық даму деңгейі, бастапқыға қарағанда өскенін алға тартты. Балалар балабақшага бейімделіп ұйымдастырылған іс әрекетіне қызығушылығы артты.

«Шығармашылық», «Таным» саласы бойынша балалар жақсы көрсеткіштер көрсетуде.

Ересек топ тәрбиешісі: Б.Асилбекова.

Ересек тобында аралық мониторинг бойынша балалардың даму деңгейі бұл топтада ілгері дамып келеді. Балалардың даму деңгейі бес сала бойыншада қарқынданап өсуде. Төмен деңгейдегі балалар саны азайды.

Ортаңғы топ тәрбиешісі: К.Жолшиева

Ортаңғы топ балаларының даму деңгейі алдыңғыға қарағанда кішкене жоғары. Төмен деңгейдегі балалармен жұмыс жасап жатырмыз. Балалардың қызығушылығы ұйымдастырылған іс әрекеттің ойын түрінде өтуде.

Шешім:

1.Балалардың жан-жақты даму деңгейін көтеруде, ұйымдастырылған іс-әрекеттері і жүйелі жүргізілсін.

Тәрайымы:

Хатшы:

Ш.Касымова

К.Жолшиева

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар:7

13.03.2023

Күн тәртібі:

1. «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану. Баяндама. Ортаңғы «Көгершін» тобының тәрбиешісі
2. Ұйымдастырылған іс әрекетін талқылау. «Қызықты математика» Ересек «Қарлығаш» тобы. Тәрбиешісі Б.Асилбекова

1.Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Ш Касымова педагогтерді алдағы мерекемен құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Үнемі жаңартылып отыратын мектеп жасына дейінгі балаларды үлгілік оқу жоспары ойын арқылы тәрбиелеп шығармашық пайымдауға, қиялдауға, білімпаздыққа, басқа да маңызды қасиеттерге ие болуын талап етеді. Сол үшін де педагог өзіндегі салғырттықты жеңіп отыруы керек. Тәрбиеші өз кәсіби-біліктілігін жетілдіре отырып, балаларға өз идеяларының маңыздылығына, сенімділігін сақтауға үрете білуі қажет. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес теория және практика жүзінде ізденіп, жұмыс жүргізуі қажет. Өз идеясы, өз ұстанымы, ойы болуы керек. Әр түрлі тәсілдерді менгеріп, бала жүргегіне, түсінігіне жол таба білу керек. Түрлі талаптарға сай дамытушы орта құруы тиіс деген тапсырмалар берді.

Бірінші қаралатын мәселе бойынша сөз кезегін ортаңғы топ тәрбиешісі К.Жолшиеваға берілді

1.Тыңдалды: «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану» тақырыбында тәрбиеші баяндамасын оқыды. Баяндамада жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар эмоционалдық және психикалық ашуды басуға көмектеседі. Басты назар жаз кезіндегі балалардың іс-әрекеттерінде құмнан салынатын құрылыштарды ұйымдастыруға аударылады. Бұл өз

кезегінде балалардың әлеуметтік мақсатқа бағытталғаніс-әрекеттің белсенділігіне ықпал етеді. Құммен ойындар баланың ашуланғанын, агрессиясын тоқтатады, қиялын дамытып эмоционалдық жай-күйіне жағымды ықпал етеді. Салып, бұзып, сосын қайта жасау арқылы баланың ішкі жан дүниесімен үйлесімділікте болады. Құмды өндөу жолдарына тоқталып өтті.


Құммен ойнау үдерісі баланың көңіл қүйіне жағымды әсер беретініне көз жеткізген кездерім болған, құммен ойын балаларға өте ұнайды. Өздеріне қанағат алады. Ой жетегінде отырып, құммен түрлі суреттер салады.

2. Тыңдалды: Қарлығаш топ тәрбиешісі ның «» үйымдастырылған іс әрекетті і талқыланды. Сөйлегендер: Балабақша әдіскері: Б.Маликова ҰІӘ-ның мазмұн, мақсаты өте мағыналы, балаларға берер мағлұматтарға тола, қызықты материалдар болды, 5 сала кіріктіріліп өтілді. Дайындалған көрнекі-құралдар сапасы мен саны, тартымдылығы, мақсатқа лайықтылығы, балаларға пайдалануға тиімділігі биылғы үлгілік оқу жоспарыннан сай жаңа әдіс тәсілдермен ойын арқылы өтілді. Бағытыны тәрбиеші тілдің көмегімен жағдайларды шешудегі түрлі тәсілдерді меңгерген. Өте жақсы баға береміз. Балалар жалықпады ойын арқылы берілген тапсырмаларды топ топпен бірлесіп орындағы. Бақтығул апайға рахмет. Еңбегінізге табыс тілеймін.

Ортаңғы топ тәрбиешісі : К.Жолшиева үйымдастырылған іс әрекет жоғарғы деңгейде өтілді деп өз ойымен бөлісті. Біздің үйренеріміз көп екен ойын арқылы балалар түстерді, пішіндерді ажыратты тұра санау кері санай білді.

Шешім:

1. Балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсете отырып құммен ойындар көктемге- жазға жоспарлау, түрлендіру, өткізу.
Жауаптылар: тәрбиешілер, психолог.
2. Ересек топ тәрбиешісіне тоқтамау, үнемі ізденуде болуды талап етілді

Төрайым:  Ш.Касымова

Хатшы:  К.Жолшиева

**Мактаарал ауданы адами әлеуетті дамыту болімшін «Демеу» бөбекжай
балабақшасы ЖШС**

Педагогикалық кеңестің

№4 хаттамасы

31.05.2023 жыл

Қатысқандар: 7

Күп тәртібіндегі:

1. Қорытынды педагогикалық кеңес 2022-2023 оку жылшының қорытындысы.
2. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.
3. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім құзіреттілігін қалыптастырудың мониторингі.

1. Бірінші мәселе бойынша б/б менгерушісі Ш.Касымова сез сейледі.

Жыл бойы балабақшада атқарылған жұмыстар туралы айтып өтті. Жылдық жоспарда түзілгендей барлық іс-шаралар жүргізілді, кеңестерде барлық мәселелер талқыланып отырды, мерекелер, ертеңгіліктер атап өтілді. Оку жылшын ойдағыдай аяқтап, түлектерімізді мектепке шығарып салу ертеңгіліктері ойдағыдай өтті деп айта аламыз. Ендігі кезекте 1 маусым балаларды қорғау күнін қызықты етіп өткізуге, алдағы уақытта да педагогтарымызға аянбай еңбек етуді, жаңашыл, шығармашыл болуға тілек білдірді.

2. Тындалды: б/б менгерушісі Ш.Касымова сез сейледі. Жазғы сауықтыру жұмысының жосапарымен таныстырып өтті. Жазда жылды суда сауықтыру жұмыстарын өткізууді, эстафеталар, жазғы спорттық ойындарды өткізу, ата-аналармен отбасылық жарыстар өткізу жайлы айтып өтті.

3. Тындалды: б/б әдіскері Б.Маликова сез алды. Биылғы оку жылшында балалардың деңгейін анықтау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жасалынып, мамыр айындағы қорытынды мониторингтің нәтижесі бойынша түсіндіріп өтті. Бастапқы, аралық мониторингке қараганда қорытынды бағалау көрсеткіші жоғары. Балаларды білімді, тәрбиелі етіп тәрбислеу біздің міндетіміз. Мониторингті қорытындылай келе, алдағы уақытта жақсы көрсеткішке жетуге жұмыс жасайық-деп сезін аяқтады.

ШЕШІМІ:

- 1 Корытынды педагогикалық кеңес 2022-2023
- 2 Жазғы сауықтыру жоспары бекітілді.
- 3 Екінші жарты жылдықтары балалардың тәрбие мен білім күзіреттілігін қалыптастырудың мониторингі жогары деңгейде болсын.

Төрайымы
Хатшы

Ш.Касымова
К.Жолшиева

